

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазынашылық департаментінің мәселелері

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 9 қазан N 1028. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.05.24. N 626 қаулысымен. ~P990626

"Мемлекеттік басқару органдарын одан әрі оңтайландыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 30 маусымдағы N 3986 U983986\_ (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1998 ж., N 19, 167-құжат) Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық департаменті туралы ереже;

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазынашылық департаментінің құрылымы бекітілсін.

2. Мыналар:

1) "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 қазандағы N 1466 P971466\_ қаулысының 2-тармағы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы., 1997 ж., N 47, 438-құжат);

2) "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржы бақылау

комитеті туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 18 желтоқсандағы N 1781 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1997 ж., N 55, 500-құжат) күші жойылған деп танылсын.

3. Осы қаулы жариялауға жатады.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1998 жылғы 9 қазандағы

N 1028 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің

Қазынашылық департаменті туралы

ЕРЕЖЕ

Миссиясы - респубикалық бюджетті орындау, мемлекеттік бюджетке және мемлекеттік бюджеттен тыс қорлар мен қаражаттарға есеп айырысу-кассалық қызмет көрсету, мемлекеттік бюджеттің және мемлекеттік бюджеттен тыс қорлар мен қаражаттар қаржыларының мақсатты пайдаланылуына қаржылық бақылауды жүзеге асыру.

### I. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық департаменті (бұдан әрі - Қазынашылық) респубикалық бюджетті орындауда мемлекеттік бюджетке және мемлекеттік бюджеттен тыс қорлар мен қаражаттарға есеп айырысу-кассалық қызмет көрсету, мемлекеттік бюджеттің және мемлекеттік бюджеттен тыс қорлар мен қаражаттар қаржыларының мақсатты пайдаланылуына қаржылық бақылау жасау жөніндегі арнаулы міндеттерді жүзеге асыратын мемлекеттік орган болып табылады.

2. Қазынашылық өзінің қызметінде Қазақстан Республикасының Конституациясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің актілерін, өзге де нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

3. Қазынашылық Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің құрылымына кіреді және өз құзыреті және өзіне берілген өкілеттіктердің шегінде арнаулы атқару және бақылау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік басқару органы болып табылады.

Қазынашылықтың облыстарда және Алматы қаласында аумақтық органдары бар.

4. Қазынашылық заңды тұлға болып табылады және өзінің банктік шоттары, өз атауы мемлекеттік тілде жазылып Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген мөрі мен бланкілері бар. Қазынашылықтың заңды тұлғалар болып табылатын, жедел басқару құқығындағы мүліктерге ие, банктік

шоттары және өз атауы мемлекеттік тілде жазылып Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген мөрі бар қазынашылықтың облыстық басқармаларынан және аудандық, қалалық және қалалардағы аудандық бөлімдерден тұратын тікелей бағыныстағы органдары бар.

5. Қазынашылық пен оның аумақтық органдары заңдарда белгіленген тәртіппен теңгемен және шетелдік валютамен банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асырады.

6. Қазынашылықтың құрылымын Қазақстан Республикасының Үкіметі, ал облыстардағы, Алматы қаласындағы басқармаларының құрылымдарын Қазынашылықпен келісе отырып, бөлінген санның шегінде осы органдардың басшылары, ал облыстардағы, Алматы қаласындағы басқармалардың штат санын - белгіленген сан мен еңбекке ақы қорының төлеу шегінде Қазынашылық департаменті бекітеді.

7. Қазынашылықты және оның аумақтық органдарын ұстауға арналған шығыстарды қаржыландыру республикалық бюджетте Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігін ұстауға көзделген қаражаттың есебінен жүзеге асырылады.

## II. Басымдықтары

8. Қазынашылықтың негізгі басымдықтары мыналар болып табылады:  
республикалық және жергілікті бюджеттерді, мемлекеттік бюджеттен тыс қорларды және қаражаттарды кассалық орындау саласындағы саясатты іске асыру;

жалпы мемлекеттік және жергілікті бағдарламалар мен шараларды іске асыру үшін бөлінген республикалық және жергілікті бюджеттер қаражаттарының мақсатты пайдаланылуын қаржылық бақылауды қамтамасыз ету;

мемлекетке келтірілген материалдық зияндарды кінәлі тұлғалардың есебінен толық қайтарылуын қамтамасыз ету және арналған мақсаты бойынша пайдаланылмаған қаражаттарды бюджетке өндіріп (қайтарып) алу.

## III. Қазынашылықтың міндеттері

9. Қазынашылықтың негізгі міндеттері мыналар болып табылады:  
республикалық бюджеттің кассалық орындалуын ұйымдастыру, жүзеге асыру және бақылау;

мемлекеттік бюджетке және мемлекеттік бюджеттен тыс қорлар мен қаражаттарға есеп айырысу-кассалық қызмет көрсетуді ұйымдастыру;  
республикалық бюджет пен нысаналы түрде қаржыландырылатын

мемлекеттік қорлардың өзара қатынасын жедел басқару, осы қорлар қаражаттарының қозғалысы мен пайдаланылуын орындау, бақылау;

респубикалық бюджеттің орындалуы туралы бухгалтерлік есеп пен есептілікті жүзеге асыру және есептерді белгіленген тәртіппен тапсыру;

бюджет жүйесіндегі бухгалтерлік есеп пен ішкі аудиттің әдістемесін өзірлеу, Қазынашылықтың құзыретіне қатысты және Қазақстан Республикасының респубикалық және жергілікті бюджеттері есебінен ұсталатын ұйымдардың орындауы үшін міндетті мәселелер бойынша есептік операцияларды жүргізу;

мыналардың:

жергілікті бюджеттердің орындалуына;

бюджеттік қаражаттар есебінен ұсталатын министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, ведомстволардың, сондай-ақ өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдардың, сондай-ақ ұйымдардың қаржы-шаруашылық қызметіне;

мемлекеттік және мемлекеттік емес (мемлекеттің кепілдігімен тартылған) заемдардың, мемлекеттік бюджеттен тыс қорлар мен қаражаттардың мақсатты пайдаланылуына қаржылық бақылауды жүзеге асыру;

зандарда белгіленген тәртіппен үкіметтік (бюджеттік) резервтің құндылықтарын жедел басқару және есебін жүргізу.

#### IV. Қазынашылықтың негізгі функциялары

10. Жүктелген міндеттерге сәйкес Қазынашылық мынадай функцияларды орындаиды:

респубикалық бюджеттің орындалуын жүзеге асырады;

респубикалық және жергілікті бюджеттердің, сондай-ақ мемлекеттік бюджеттен тыс қорлар мен қаражаттардың есебінен ұсталатын ұйымдарға есептеу және есеп айырысу-кассалық қызмет көрсетілуін жүзеге асырады;

респубикалық бюджет пен мемлекеттік бюджеттен тыс қорлардың және нысаналы қаржыландырылатын қорлардың арасындағы қаржылық қатынастарды реттейді, сондай-ақ респубикалық бюджеттің есебінен ұсталатын ұйымдарды қаржыландырылады;

респубикалық және жергілікті бюджеттер арасында жалпы мемлекеттік салықтарды бөледі және оларды әртүрлі деңгейдегі бюджеттерге есептейді;

респубикалық бюджет пен жергілікті бюджеттер арасындағы өзара есеп айырыстар мен бюджеттік несиelerді (қарыздарды) есепке алуды жүзеге асырады;

респубикалық бюджеттің кірістері мен шығыстарын, сондай-ақ ұлттық болсын және шетелдік болсын валютамен Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарамағындағы өзге де орталықтандырылған қаржылық ресурстарды басқаруды

жүзеге асырады, Қазынашылықтың шоттарындағы, банктердегі қаражаттарға билік жасайды, сондай-ақ осы қаражаттармен операцияларды жүзеге асырады;

респубикалық және жергілікті бюджеттердің есебінен ұсталатын үйымдардың кассалық шығыстарын есепке алуды қамтамасыз етеді;

респубикалық және жергілікті бюджеттердің, және мемлекеттік бюджеттен тыс қорлардың есебінен ұсталатын үйымдардың тапсырмалары бойынша есеп айырыстар мен ақша аударымдарын жүргізеді;

клирингтік (есеп айырысулық) операцияларды жүзеге асырады;

екінші деңгейдегі банктер арқылы, респубикалық және жергілікті бюджеттердің есебінен ұсталатын үйымдарды қолма-қол ақшамен қамтамасыз етуді үйымдастырады;

респубикалық бюджеттің орындалуы туралы бухгалтерлік есеп пен есептілікті, респубикалық және жергілікті бюджеттердің есебінен ұсталатын үйымдар тапсыратын төлем құжаттарын бақылауды жүргізуіндің тәртібін белгілейді және жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде шетелдік валютадағы Қазынашылықтың банктік шоттары арқылы, респубикалық және жергілікті бюджеттердің есебінен ұсталатын үйымдардың валюталық операцияларын жүргізуі және есепке алуды жүзеге асырады, оларды жүргізген кезде зандардың сақталуы жөнінде тексерулер үйымдастырады;

бюджет жүйесінде бухгалтерлік есепті жүргізуіндің және ішкі аудитті өткізуіндің әдістемесін, сондай-ақ нормативтік құқықтық актілерін әзірлейді және бекітеді;

Қазынашылықтың құзыретіне қатысты бюджеттік қаражаттарды алатын үйымдардың орындауы үшін міндетті мәселелер бойынша есептеме жасаудың тәртібін белгілейді;

мемлекеттік және мемлекеттік емес (мемлекет кепілдігімен тартылған) заемдардың тиімді және мақсатты пайдаланылуын бақылауды, олардың Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес өтелуін және қызмет көрсетілуін жүзеге асырады;

зандармен белгіленген тәртіппен Қазынашылықтың шоттарындағы ағымдағы қалдықтарды банктің салымдарына және бағалы қағаздарға орналастыру жолымен кіріс алу мақсатында оларды басқарады;

бағалы металдаррындың жай-күйіне талдау жасайды, бастапқы сауда-саттықта және қайталама рынокта бағалы металдармен және тастармен операциялар жүргізеді;

үкіметтік (бюджеттік) резервтің қалыптасуын және пайдаланылуын жоспарлайды, есепке алады, бақылайды және талдайды;

шаруашылық субъектілері алатын респубикалық бюджет қаражаттарының мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырады;

респубикалық бюджетті пайдаланудың нәтижелері және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаржылық ресурстарының жай-күйі туралы ақпаратты дайындауға қатысады;

бюджет қаражатының есебінен ұсталатын министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, ведомстволардың, сондай-ақ өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдардың және ұйымдардың қаржы-шаруашылық қызметін, олардағы ақша және тауар-материалдық құндылықтардың сақталуын тексеруді, мемлекеттің мұдделеріне қатысы бар басқа да қаржы мәселелері бойынша тақырыптық тексеруді, және олардың негізінде мемлекеттік қаржының үнемделу режимін, мақсатты және тиімді пайдаланылуын, олардың сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған ұсыныстарды әзірлеуді жүзеге асырады;

өзінің құзыретінің шегінде және қолданылып жүрген заңдарға сәйкес бюджет қаражатының есебінен ұсталатын ұйымдарда азаматтардың хаттары мен өтініштері бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмасымен тексеру ұйымдастырады;

бюджет қаражатының есебінен ұсталатын ұйымдардың халықаралық қаржы-экономикалық ұйымдары мен донор елдердің ізгілік, қаржы және техникалық көмегінің тиімді және мақсатты пайдаланылуына, мемлекеттік үкімет пен басқару органдары қызметкерлерінің шетелдік іс-сапарларға арналған шығыстарына бақылау жасауды жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасының шетелдегі елшіліктері мен өкілдіктерін қаржыландыруға бөлінетін бюджет қаражатының мақсатты пайдаланылуына тексеру жүргізеді;

Қазынашылықтың аумақтық органдары жұмысының тәжірибесін талдайды және қорытады және оны жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді, олардың қызметін тексеруді ұйымдастырады, анықталған кемшіліктер мен жолсыздықтарды жою жөніндегі шаралар қолданады;

анықталған жетімсіздіктер, талан-таражға салу және қызмет бабын пайдалану фактілері бойынша тексерулер мен тексерістер материалдарын тергеу органдары мен прокуратура органдарына жолдайды;

Қазынашылықтың құзыретіне жататын мәселелер бойынша заңдардың

және өзге де нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуді занда белгіленген тәртіппен жүзеге асырады;

шетел қазынашылықтары қызметінің ұйымдастырылу тәжірибесін зерделейді және оны практикалық пайдалану жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

Қазынашылық және оның аумақтық органдары қызметкерлерінің біліктілігін арттыруды ұйымдастыруға қатысады;

жаңа технологияларды енгізуді ұйымдастырады және Қазынашылықтың бірыңғай ақпараттық-есептеу жүйесін тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді.

## V. Қазынашылықтың құқықтары

11. Негізгі міндеттерді орындау және бюджет тәртібін нығайту мақсатында Қазынашылық мынадай құқықтарға ие:

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде немесе Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің келісімі бойынша ол уәкілеттік берген басқа банкте теңгемен және шетелдік валютамен Бірыңғай қазынашылық шотын және банктік шоттарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің филиалдарында немесе Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің келісімі бойынша өкілеттік берілген басқа банкте Қазынашылықтың облыстық басқармаларының банктік шоттарын иелену;

қаражаттарды, ақшаның уақытша бос қалдықтарын Қазынашылық органдарының шоттарынан банктердегі салымдарға және бағалы қағаздарға орналастыруға және олармен жасалған келісімдерде белгіленген мөлшерде сыйақылар (мұдделер) алуға. Занда белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ақшаларын республикалық бюджеттің тапшылығын жабу үшін қарыз алған жағдайда, Қазынашылық сондай-ақ жоғарыда айтылған ережемен және тәртіппен сыйақылар (мұдделер) төлейді;

бюджеттік қаражаттарды пайдалану жөніндегі тексерістер мен тексерулерді жүзеге асырған кезде белгіленген тәртіппен министрліктерде, мемлекеттік комитеттерде, ведомстволарда, сондай-ақ орталық және жергілікті атқарушы органдарда, банктерде, әскери бөлімдерде және олардың бөлімшелерінде болу;

тексеріс жасалатын объектілерде бюджеттік ресурстардың, бюджеттен тыс корлар мен қаражаттардың Қазақстан Республикасының заң актілеріне сай есептелінуіне, аударылуына және пайдаланылуына байланысты ақшалық құжаттарға (жоспарларға, сметаларға, есептерге, бухгалтерлік, банктік және қаржылық құжаттарға), сондай-ақ іс жүзінде бар ақшалай қаражаттарға, бағалы қағаздар мен материалдық құндылықтарға тексеру жүргізу;

тексерілетін ұйымдардың кассаларын, кассалық және қызмет үйлерін, қоймалар мен архивтерін заңдарда белгіленген тәртіппен мөрлеп жабуға; ал жасандылықтар, жалғандықтар, ұрлықтар мен қызмет бабын пайдаланушылықтар байқалған жағдайда, қажетті құжаттарды шығарып алып, іс

қағаздарында шығарып алу актілерін, шығарып алған құжаттардың көшірмесін немесе тізімін қалдыру;

ұйымдар респубикалық және жергілікті бюджеттерден бөлінген қаражаттарды заңсыз және мақсатыз пайдаланған жағдайда, сондай-ақ жұмсалған қаражаттар туралы есептерді тапсырмаған кезде, заңдарда белгіленген тәртіппен оларды бюджетке даусыз тәртіппен ақшалай өндіріп (қайтарып) алады жүргізу, респубикалық бюджеттен қаржыландыруды шектеу немесе тоқтата тұру;

тексерілген ұйымдардың басшыларынан және басқа қызметкерлерінен тексерістер мен тексерулер барысында туындаған мәселелер бойынша жазбаша түсініктемелер алу;

тексерістер мен тексерулер барысында тексеріс жүргізілген ұйымдардың басшыларымен бірге қаржылық тәртіптің анықталған жолсыздықтарын түзету, бухгалтерлік есепті енгізу дің белгіленген тәртібін, келтірілген зияндарды қайтаруға қажетті шаралар қолдану;

министрліктерге, мемлекеттік комитеттерге, ведомстволарға, және өзге де орталық атқарушы органдарға ұйымдарға тексерістер мен тексерулердің материалдары бойынша анықталған тәртіп бұзушылықтарды жою туралы орындау үшін міндетті нұсқаулар беру, сондай-ақ шығынның орнын толтыру және кінәлі тұлғаларды жауапқа тарту жөнінде заң жүзінде белгіленген тәртіппен өзге де шаралар қолдану;

зандарда белгіленген тәртіппен тексеру органдары мен прокуратура органдарынан осы материалдар бойынша қабылданған шаралардың нәтижелері туралы ақпаратты не қылмыстық істі қозғаудан бас тарту немесе алдын ала тергеуді тоқтату мәселесінің шешімі жөніндегі қаулылардың көшірмелерін алу;

әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарау және қолданылып жүрген зандарға сәйкес әкімшілік жазалар қолдану;

министрліктерден, мемлекеттік комитеттерден, ведомстволардан және өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдардың, сондай-ақ бюджет қаражатын алатын ұйымдардан респубикалық және жергілікті бюджеттердің орындалуын ұйымдастыруға, сондай-ақ мемлекет алдындағы қаржылық міндеттемелерді орындау үшін қаржылық-валюталық бақылауды жүзеге асыруға қажетті ақпарат пен мәліметтерді алу.

## VI. Лауазымды тұлғалардың жауапкершілігі

12. Қазынашылықтың және оның аумақтық органдарының лауазымды тұлғалары өздеріне жүктелген міндеттерді жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген зандарын және осы Ережені қатаң

басшылыққа алуға және өзінің функцияларын орындау кезінде алынған ақпараттар мен мәліметтерді тек қызмет мақсаттарында пайдалануға міндетті.

Өз міндеттерін лайықты орындамағаны және мемлекеттік құпиялар мен заң арқылы қорғалатын өзге де құпиялардың сақталуын қамтамасыз етпегені үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауап береді.

## VII. Қазынашылықтың қызметін ұйымдастыру

13. Қазынашылыққа Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі лауазымға тағайындейтын және лауазымнан босататын Директор басшылық етеді.

14. Қазынашылық директорының ұсынуы бойынша оның Қазақстан Республикасының Қаржы министрі қызметке тағайындейтын және қызметтен босататын төрт орынбасары болады.

15. Қазынашылықтың директоры:

Қазынашылықтың жұмысына басшылықты ұйымдастырады және жүзеге асырады;

Қазынашылыққа жүктелген міндеттердің орындалуы және оның өз функцияларын жүзеге асыру үшін дербес жауап береді;

Директордың орынбасарларының және Қазынашылықтың құрылымдық бөлімшелерінің өкілеттіктерін белгілейді;

Қазынашылықтың құзыреті шегінде Қазынашылық пен оның аумақтық органдары қызметкерлерінің орындауы үшін міндетті нормативтік құқықтық актілер, бұйрықтар шығарады;

Қазынашылықтың құзыретіне қатысты басқа да мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

16. Қазынашылықтың қызметкерлері Қазақстан Республикасының Қаржы министрі бекіткен Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жүйесі органдарының қызметкерлері лауазымдарының номенклатурасына сәйкес лауазымға тағайындалады, ауыстырылады және босатылады.

17. Қазынашылықтың облыстардағы, Алматы қаласындағы аумақтық басқармалары мен бөлімдерінің бастықтарын Қазынашылық директорының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Қаржы министрі лауазымдарға тағайындейді және лауазымдардан босатады.

18. Қазынашылық органдарының лауазымды тұлғалары Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарын және өзге де нормативтік құқықтық актілерін қатаң сақтауға, белгіленген тәртіппен бекітілген мемлекеттік және қызметтік құпия болып саналатын мәліметтерді жасырын сақтауға міндетті.

19. Қазынашылықтың директоры Қазынашылықтың орталық аппаратының басқармалары мен бөлімдері туралы және Қазынашылықтың облыстық және Алматы қалалары басқармалары туралы Ережелерді бекітеді.

20. Өз жұмысында Қазынашылықтың аумақтық органдары бюджеттердің түрлері арасындағы өзара есеп айырысу мәселелері бойынша және жергілікті өкілетті және атқарушы органдармен және жұмыс процесінде бюджет жүйесінің жағдайы туралы қажетті ақпарат жинақтау жөнінде өзара ынтымақтастықта болады.

21. Қазынашылықтың аумақтық органдарының жұмысын тексеруді

бағыныстық тәртібінде жоғарыда тұрған Қазынашылықтың органы кемінде 2 жылда бір реттен кем емес кезеңділікте өткізіп тұрады.

22. Қазынашылықты және оның аумақтық органдарын қаржылық қамтамасыз етуді және материалдық-техникалық жабдықтауды Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі орталық аппаратының тиісті құрылымдық бөлімшелері жүзеге асырады.

23. Қазынашылықты қайта үйымдастыру және тарту қолданылып жүрген зандарға сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1998 жылғы 9 қазандагы  
N 1028 қаулысымен  
бекітілген

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі  
Қазынашылық департаментінің  
ҚҰРЫЛЫМЫ

Басшылық  
Респубикалық бюджетті атқару басқармасы  
Бухгалтерлік есеп және есептілік басқармасы  
Қолма-қол ақша басқармасы  
Бухгалтерлік есеп әдістемесі басқармасы  
Ақпараттық технологиялар басқармасы  
Банк операциялары бойынша бухгалтерлік есеп және есептілік басқармасы  
Есепке алу саясаты және технологиялық операциялар басқармасы

Бюджеттік ұйымдарды тексеріс басқармасы  
Жергілікті бюджеттердің атқарылуын ұйымдастыру және тексеріс  
бөлімі  
Сыртқы қарыздарды және бюджеттік қаражаттарды шаруашылық  
субъектілерінің пайдалануын бақылау басқармасы  
Қазынашылықтың аумақтық органдарының аудиті басқармасы  
Ішкі аудит әдістемесі басқармасы  
Бағалы металдар мен асыл тастар бөлімі  
Ұйымдастыру жұмысы бөлімі  
Қазынашылықты жетілдіру жобасын іске асыру жөніндегі бөлім  
Ақшамен қамтамасыз етуді ұйымдастыру бөлімі  
Жиынтықтау-талдау бөлімі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК